



## Тағылымды дәріс

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында «Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, магистр Ардақ Абдуллинаның қолдауымен ҚБ -11, ҚБ -31 топтары арасында «Ыбырай тағылымы» атты дәріс сабағы өтті.

Дәрістің негізгі мақсаты – биылғы жылы оқу орнымызға алғаш қадам басқан студенттерді Ыбырай шығармаларымен, еңбектерімен және «Ыбырай Алтынсарин атындағы» мұражайымен кеңірек таныстыру болды.

Дәрісте ҚБ – 31 тобының студенттері - Ақбота Сәлімжан, Арайлым Төлеуханова, Жанерке Мырзабекқызы өз баяндамаларын оқыды. Ал қалған қатысушылар Ыбырайдың шығармаларының тәрбиелік мәні өте кең екендігін түсіндіріп айтты. Ыбырай өлеңдерін студент-

тер жатқа оқып, мультимедиялық проектор арқылы Ыбырай шығармашылығы және достары жайлы арнайы жасалған слайдтар көрсетіліп, таныстырылды.

Сонымен қатар, Ыбырайдың көлемді еңбектерін күллі қазақ баласының білуге тиісті екенін міндеттеді. Сөз соңында студенттер, яғни болашақ мұғалімдер мамандықтарына мін, сырттарына сын қылмаймыз деп, алдағы уақытта Шекспирдің шытырманға толы патасқан шығармаларымен немесе Толстойдың толыққанды аяқталмаған еңбектерімен емес, Ыбырай Алтынсариннің алтыннан да бағалы мұраларымен жас ұрпақты тәрбиелейтініне уәде етті. Дәріс біз ойлағаннан да жоғары деңгейде өтті. Ұлағатты ұстаз Ардақ Әмірханқызына алғысымыз шексіз. Алдағы уақытта әлі де жоғары деңгейдегі іс-шаралар өтеді деген ниеттеміз.

Баиян ҚУДАЙБЕРГЕН,

АрқМПИ

III курс студенті

# Жерлес боксшымыз облыста үздік атанды



Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі, жас боксшы Жанна Серікова жуырда Қостанай облысы әкімі А. Мұхамбетовтың қолынан диплом алып қайтты. Ол облыстың үздік және дарынды мектеп оқушыларының қатарынан табылды.

Спортшы бойжеткеннің бапкері Марат Сейтмағанбетовтың айтуы бойынша, бұл салтанатты жиын жыл қорытындысы негізінде өтіп тұрады. Биыл бесінші рет өткізілді. Онда тек қана спортшылар емес, түрлі салаларда үлкен жетістіктерге жеткен оқушылар марапатталады. Биыл 16 оқушы облыс басшысының марапатына ие болды. Соның ішінде, алтауы спортшы.

Еске салар болсақ, Жанна Серікова жыл басында Астана мен Павлодар қалаларында республикалық жарыста бірінші орынға, одан кейін наурыз мейрамының құрметіне ұйымдастырылған жарыста ҚР чемпионы атанған болатын. Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектептің 11 сынып оқушысы Жанна Серікова халықаралық деңгейде де күш байқасқан спортшы. Ол Қытай халық республикасының Тайпей қаласында өткен әлем чемпионатына қатысқан. Сондай-ақ, Өзбекстан елінде өткен халықаралық жарыста 2-орынға қол жеткізген. Қазіргі таңда ҚР құрама-сының мүшесі.